Шымкент қаласының дін істері басқармасы "Дін мәселелерін зерттеу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік сатып алу бойынша әлеуетті жеткізушіні айқындау бойынша түзілген хаттама
№ 29

Шымкент қаласы 24 желтоқсан 2025 жыл

Төрағалық етуші: Директор- М. Исахов
Комиссия мүшелері: Директордың орынбасары- А. Саурбеков, бөлім басшылары – А. Абдукаримов, Б. Жұмаділлә, бас есепші М. Укшебаева
Хатшы: Заңгер және кадр жөніндегі инспектор – Д. Сейдулла

Шымкент қаласының дін істері басқармасы "Дін мәселелерін зерттеу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде **2026 жылдың қаңтар- ақпан айларында жұмыс барысының үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында байланыс қызметтері және Интернетке қол жеткізу қызметтері** (ары қарай телекоммуникация қызметтері) бойынша «Ашық конкурс» мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі ішіндегі, бірақ екі айдан аспайтын мерзімдегі қажеттілігі қамтамасыз етілсін.

Осыған орай, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 16-бап 3-тармақ 35-тармақшасына сәйкес (*Егер мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі ішіндегі, бірақ екі айдан аспайтын мерзімдегі қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жүзеге асырылатын жағдайда, осындай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса. Осы тармақша өнім беруші алдыңғы жылы жасалған шарттың қолданысын ұзартудан бас тартқан жағдайда, егер мұндай мемлекеттік сатып алу жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылатын болса немесе тапсырыс беруші ағымдағы қаржы жылы ішінде құрылған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда, бірақ екі айдан асырылмай қолданылады)* бір көзден тұру тәсілін қолдана отырып, келесідей шешім қабылданды.

1. Жоғарыда аталған қызметтер бойынша біліктілік талаптарға сай өнім берушілерді зерделеп, мемлекеттік сатып алу бойынша шарттарды бір көзден алу тәсілін қолдана отырып, әлеуетті өнім берушілерге ұсыныс хаттар жолдансын.
2. Жоғарыда қабылданған шешімдер бойынша тиісті жұмыстардың атқарылуын мекеменің бас есепшісі М. Укшебаеваға жүктелсін.

Аталған тапсырмалардың орындалуын қадағалуын өзіме қалдырамын.

Төраға **М. Исахов**

Хатшы **Д. Сейдулла**

ТАНЫСТЫМ:
Комиссия мүшелері:

_____А. Саурбеков _____А. Абдукаримов

_____Б. Жұмаіллә _____ М. Укшебаева